

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Заң факультеті

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

**АР 3223 Аграрлық құқық
«6В04205 Құқықтану» білім беру бағдарламасы**

Алматы 2025 ж.

Қорытынды емтихан бағдарламасы «6B04205 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша жасалған.

Қорытынды бақылау бағдарламасын аға оқытушы С.М. Жапақов құрастырды.


Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

№ 21 Хаттама «24» маусым 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі, з.ғ.д., профессор  Г.А. Куаналиева

Білім беру және оқыту сапасы бойынша академиялық комитетпен мақұлданды.

№ 11 хаттама «25» маусым 2025 ж.

Төрайымы  А.А. Урисбаева

Факультеттің Ғылыми генесінде ұсынылды.

№ 10 хаттама «26» маусым 2025 ж.

Ғалым хатшы  Г.М. Атаханова



Кіріспе

«6В04205 – Құқықтану» бағыты бойынша бакалавриат бағдарламасын меңгеру Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқу қорытынды емтиханмен аяқталады. Қорытынды емтихан емтихан тапсыру түрінде өткізіледі. Қорытынды бақылауға оқу бағдарламасына және бакалавриат бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқу процесін толық аяқтаған, сондай-ақ бакалавриаттың жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес қажетті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және «Универ» жүйесіндегі емтихан кестесінде көрсетілген мерзімдерде өткізіледі. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студентке осы пәнді қайта оқу үшін бұйрық рәсімделеді. Егер студент емтиханнан 25 балл жинаса, оған FX бағасын қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін ұсынылған денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды. Бағаны көтеру мақсатында емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Емтиханға дайындалуға арналған негізгі тақырыптар:

Тақырып 1. ҚР аграрлық құқығы – кешенді және мамандандырылған құқық саласы

Негізгі сұрақтар:

Аграрлық қатынастар – аграрлық құқықтың қалыптасуы мен дамуының объективті негізі.

Аграрлық құқық пәнінің құрылымы.

Аграрлық құқық ұғымы.

Аграрлық құқықтың қалыптасуы мен дамуының субъективті негізі ретінде Қазақстан Республикасының аграрлық саясаты; аграрлық саясат пен әлеуметтік-экономикалық, табиғи факторлардың аграрлық құқықтың дамуына өзара байланысы және ықпалы.

Аграрлық құқықтың мәні мен пәнін айқындау мәселелері құқықтық доктринада.

Аграрлық құқықтағы реттеу әдістері.

Аграрлық құқықтың негізгі қағидаттары және олардың жіктелуі.

Аграрлық құқық жүйесі.

Аграрлық, әкімшілік, жер, азаматтық, еңбек, қаржы және өзге де құқық салаларының өзара байланысы мен арақатынасы.

Тақырып 2. Аграрлық құқықтың қайнар көздері

Негізгі сұрақтар:

Аграрлық құқықтың қайнар көздерінің ұғымы мен ерекшеліктері.

Аграрлық құқықтың қайнар көздерін жіктеу.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – аграрлық құқықтың негізгі қайнар көзі.

Аграрлық құқықтағы унификация және дифференциация мәселелері.

Аграрлық құқықтың қайнар көздері ретінде заңдар мен заңға тәуелді актілер.

Аграрлық құқықтың қайнар көздері ретінде жергілікті (локалды) нормативтік құқықтық актілер.

Аграрлық заңнаманы кодификациялау мәселелері.

Аграрлық құқықтық қатынастарды реттеудегі сот тәжірибесінің маңызы.

Тақырып 3. Аграрлық құқықтық қатынастар

Негізгі сұрақтар:

Аграрлық құқықтық қатынастардың ұғымы, түрлері және ерекшеліктері.

Аграрлық құқықтық қатынастардың жіктелуі.

Ішкі аграрлық құқықтық қатынастар, олардың түрлері мен құрылымы.

Сыртқы аграрлық құқықтық қатынастар, олардың түрлері мен құрылымы.

Тақырып 4. Нарықтық қатынастар жағдайында Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығын мемлекеттік-құқықтық реттеу

Негізгі сұрақтар:

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің құқықтық негіздері.

Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің жалпы сипаттамасы, ұғымы, мәні және қағидаттары (мемлекеттік аграрлық протекционизм саясаты).

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен міндеттері.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің нысандары мен әдістері.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу органдарының жүйесі мен олардың құқықтық мәртебесі.

Аграрлық құқық және ауыл шаруашылығындағы нарықтық қатынастар туралы заңнама.

Тақырып 5. Ауыл шаруашылық коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары және олардың құқықтық мәртебесі

Негізгі сұрақтар:

Ауыл шаруашылық коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың (кәсіпорындардың) құқықтық жағдайының жалпы сипаттамасы.

Ауыл шаруашылық коммерциялық ұйымдардың (кәсіпорындардың) құқықтық жағдайының ерекшеліктері және олардың түрлері.

Ауыл шаруашылық коммерциялық емес ұйымдардың (кәсіпорындардың) құқықтық жағдайының ерекшеліктері.

Ауыл шаруашылық мемлекеттік кәсіпорындарының құқықтық мәртебесі.

Ауыл шаруашылық акционерлік қоғамдарының құқықтық мәртебесі.

Ауыл шаруашылық серіктестіктерінің құқықтық мәртебесі.

Ауыл шаруашылық өндірістік және ауылдық тұтыну кооперативтерінің құқықтық мәртебесі.

Нарық жағдайында ауыл шаруашылық ұйымдарының құқықтық жағдайын дамыту мәселелері.

Тақырып 6. Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылық жеке кәсіпкерлікті және жеке қосалқы шаруашылықты құқықтық реттеу

Қазақстандағы ауыл шаруашылықта жеке кәсіпкерлік және фермер қожалықтары (ШФҚ) маңызды рөл атқарады. ШФҚ – ауылдық жерлерде жеке кәсіпкерлік негізінде жұмыс істейтін шаруашылық. Оларды құру мен тіркеу арнайы заңнама арқылы реттеледі. ШФҚ жерді пайдалану құқығына ие және мүліктің құқықтық режимімен қорғалады. Еңбек қатынастары мен қызметті тоқтату тәртібі заңда көрсетілген.

Азаматтардың жеке қосалқы шаруашылығы да маңызды буын болып, жеке меншікке және өзін-өзі қамтамасыз етуге негізделеді. Мұның функциясы – табыс табу және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Жеке қосалқы шаруашылықтың мүлкі жеке меншікке жатады, жерге меншік құқығы заңмен қорғалады. Ауыл шаруашылық ұйымдары азаматтардың жеке қосалқы шаруашылығын материалдық және консультациялық қолдау арқылы дамытуға қатысады.

Тақырып 7. Ауыл шаруашылығында қолданылатын жерлердің құқықтық режимі және қоршаған ортаны қорғау

Ауыл шаруашылығында жерлер – негізгі өндіріс құралы болғандықтан, олардың приоритеті мен ерекше қорғалуы заңмен қамтамасыз етіледі. Жерге меншік құқығы, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерді пайдалану құқықтарының пайда болу негіздері, объектілері мен субъектілері құқықтық реттеледі.

Ауыл шаруашылығында жерді жалға алу ерекше тәртіппен жүзеге асады, оның шарттары мен ерекшеліктері заңда белгіленген. Ауыл шаруашылық жер пайдаланушыларының құқықтары мен міндеттері, сонымен қатар жер салығы мен жалдау ақысы реттеледі.

Зиянның өтелуі және ауыл шаруашылық өндірісіндегі шығындар құқықтық негізде қарастырылады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылықтың жеке түрлері мен іс-әрекеттері де заңмен реттеледі.

Тақырып 8. Ауыл шаруашылығының жеке салаларын құқықтық реттеу

Ауыл шаруашылығының әр саласын заңнама ерекшеліктері бойынша реттейді. Мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығын дамытуға арналған нормативтік актілер бар. Мемлекеттік реттеу ауыл шаруашылық өнім өндірісіне қатысты мәселелерді қамтиды.

Селекция – тұқымдық жетістіктерді қорғау мен заңдық реттеуді қажет ететін іс-шара. Семеноводствода мемлекеттік басқару, тұқым категориялары, олардың өндірісі мен қолдану талаптары белгіленген.

Племелік мал шаруашылығы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен мемлекеттік реттеуді қамтиды, сонымен қатар оның қызметін құқықтық негізде ұйымдастыру қарастырылған.

Тақырып 9. Ауыл шаруашылық ұйымдарының (кәсіпорындарының) мүлкін құқықтық реттеу

Ауыл шаруашылығындағы меншік қатынастарының жалпы сипаттамасы мен ерекшеліктері қарастырылады. Ауыл шаруашылық коммерциялық ұйымдардың мүлкі түсінігі мен жіктелуі, сондай-ақ ауыл шаруашылық акционерлік қоғамдары мен серіктестіктерінің мүлігінің құқықтық режимі белгіленген.

Ауыл шаруашылық кооперативтерінің мүлкін құқықтық реттеу ерекшеліктері бар. Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарын жекешелендіру заңмен реттеледі: оның принциптері, түрлері, шарттары мен құқықтық режимі айқын көрсетілген.

Тақырып 10. Ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жерлердің құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері

Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді рационалды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін құқықтық механизмдер қарастырылады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылық өндірісінде қоршаған ортаны қорғау және су мен басқа да табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері құқықтық тұрғыда реттеледі.

Тақырып 11. Ауыл шаруашылық ұйымдарының (кәсіпорындарының) шарттық қатынастары

Ауыл шаруашылық ұйымдарының шарттық қатынастарының жалпы сипаттамасы мен құқықтық негіздері қарастырылады. Бұл қатынастарды реттейтін заңнама белгіленген.

Шарттық қатынастарға ауыл шаруашылық өнімін өткізу, ауыл шаруашылық қызметін

несиелендіру, өндірістік-техникалық қызмет көрсету және басқа да шаруашылық шарттары кіреді.

Тақырып 12. Ауыл шаруашылығындағы қаржылық қатынастарды құқықтық реттеу

Ауыл шаруашылығындағы қаржылық қатынастар жүйесі, ауыл шаруашылық өндірісін қаржыландырудың құқықтық негіздері қарастырылады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылық өндірісін несие беру және инвестициялау мәселелері құқықтық тұрғыда реттеледі.

Ауыл шаруашылығында сақтандыру жүйесі де заңмен реттеледі, оның ішінде міндетті және ерікті сақтандыру көзделген. Мемлекеттік салық саясатының құқықтық негіздері, сондай-ақ салық салу субъектісі мен объектісі де анықталған.

Тақырып 13. Аграрлық заңнаманы бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік түрлері

Аграрлық заңнаманы бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік жалпы сипатталады. Ауыл шаруашылық ұйымдары қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігі, материалдық жауапкершілігі және әкімшілік жауапкершілігі қарастырылады.

Тақырып 14. Шетел елдеріндегі аграрлық құқықтың негізгі сипаттары

Шетел елдеріндегі аграрлық құқықтың құрылымы мен негізгі бағыттары сипатталады. Аграрлық реформалардың халықаралық тәжірибесі, сондай-ақ ТМД және Балтия елдеріндегі аграрлық қатынастардың құқықтық ерекшеліктері салыстырмалы тұрғыда талданады.

Тақырып 15. Аграрлық қатынастар мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Халықаралық ынтымақтастықтың формалары мен әдістері, аграрлық қатынастардағы құқықтық негіздері қарастырылады. Халықаралық қоршаған ортаны қорғау келісімдері, конвенциялар мен құқықтық механизмдер талданады. Қазақстанның халықаралық қоршаған ортаны қорғау ісіне қатысу формалары сипатталады.

ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ:

«Аграрлық құқық» пәні бойынша соңғы емтихан күндізгі бөлім студенттері үшін онлайн, тест түрде өткізіледі. Барлық онлайн емтихандар ҚазҰУ атындағы әл-Фараби университетінің сайтында жарияланған нұсқаулыққа сәйкес өткізіледі.

Емтиханға қатысу шарттары:

1. Емтиханға қатысу үшін ағымдағы бағалар бойынша (РК1, РК2) орташа арифметикалық кемінде 100 балл жинау қажет.
2. Төлем негізінде оқитын студенттерде оқу ақысын өтеуге қарыз болмауы тиіс.

Емтихан процесі:

3. Емтихан тест түрде өтеді, формасы мен платформа кестеде көрсетіледі.
4. Шпаргалка, ұялы телефон, смарт-сағат сияқты ақпарат алуға арналған құралдарды қолдануға, басқа студенттермен немесе үшінші тұлғалармен сөйлесуге тыйым салынады.
5. Дайындық уақыты мен жауап беру уақыты емтихан комиссиясы немесе экзаменатор белгілейді. Әдетте барлық сұрақтарға жауапқа 15–20 минут ұсынылады.
6. Жауапты жазу үшін конспект қағазын қолдануға болады, бірақ студент оны камерада көрсетуі қажет.
7. Емтихан кезінде видеожазба жүргізіледі.
8. Видеожазбалар 3 ай сақталады; бұл кезеңде егер студенттің бұзушылықтары анықталса, бағасы аннулирленуі мүмкін. Аннулирлеу туралы ақпарат студенттің жеке бетінде көрсетіледі.
9. Студенттердің жинаған балдары 48 сағат ішінде аттестациялық ведомостқа енгізіледі.

Ұсынылған нормативтік құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 жыл.
2. Қазақстан Республикасының Жер кодексі, 20 маусым 2003 жыл №442-II.
3. Қазақстан Республикасының Заңы «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық жерлерді мемлекеттік реттеу туралы», 8 шілде 2005 жыл №66-III.
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы №205, 28 ақпан 2008 жыл – «Ауыл шаруашылығы министрлігінің мемлекеттік инспекция комитетінің кейбір мәселелері».
5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі, 5 шілде 2014 жыл №235-V.
6. Қазақстан Республикасының «Кәсіпкерлік кодексі», 29 қазан 2015 жыл №375-V.
7. Қазақстан Республикасының Су кодексі, 9 шілде 2003 жыл №481-II.
8. Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңы, 23 қаңтар 2001 жыл №148-II.
9. Қазақстан Республикасының «Ауыл шаруашылық кооперативтері туралы» заңы, 29 қазан 2015 жыл №372-V ЗРК.

Әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Еркінбаева Л.К., Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқу құралы - Алматы : Жеті Жарғы, 2010. - 326 б
2. Еркінбаева Л.К., Калымбек Б., Озенбаева С. ҚР аграрлық құқығы. Учебное пособие, Алматы. Казахский университет. 2015 – 234 с.;
4. Еркінбаева Л. К., Калымбек Б., Озенбаева А. Аграрные правоотношения Республики Казахстан: теория и практика учебное пособие. - Талдықорган: «Палитра», 2019.
5. Еркінбаева Л. К., Озенбаева А. Т., Калымбек Б. правовые проблемы обеспечения продовольственной безопасности при переходе сельскохозяйственного кооператива РК на новую ступень развития. Талдықорган. Монография. 2018 г. – 149 с;
6. Yerkinbayeva L., Ozenbayeva A. Legal protection of agrarian and land law relations at the present stage of agricultural cooperation development in the Republic of Kazakhstan. Monograph. – Talldykorgan: «The Politra», 2019. - 133 p.

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:

1 Аграрлық құқық пәні бойынша қорытынды бақылау (емтихан) 1 - курс күндізгі бөлім студенттері үшін, univer.kaznu.kz жүйесінде тест түрінде өтеді. Барлық нұсқаулар univer.kaznu.kz басты бетіне жүктелген. Тест қабылдау барысы – автоматты прокторинг жүйесімен бақыланады, проктор немесе оқытушының қадағалауымен (егер прокторинг болмаса).

Прокторинг технологиясы (ағылш. «proctor» – емтихан барысын бақылау).

2. Маңызды – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі, ол туралы алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болуы керек.

3. Аттестациялық ведомостқа қорытында баға тест аяқталғаннан кейін автоматты түрде түседі:

Балл қою уақыты - 48 сағатқа дейін. Онлайн прокторинг режимі бойынша тексеру жүргізу барысында балл қою уақыты ұзартылуы мүмкін.

4. Тестің түрі - көптік таңдау 1,2,3 дұрыс жауаппен.

5. Univer АЖ тест сұрақтарының саны – 40 сұрақтан келеді. 1 мүмкіндік беріледі. Тестің өту уақыты- 90 минут.

6. Univer АЖ тест сұрақтары- автоматты түрде генерацияланады.

7. Univer АЖ тест сұрақтарын дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексереді.

8. Студент емтиханға кіруге 30 минут бұрын дайындалуы керек. Ол прокторингтің талабы.

9. Тест қорытындысы прокторинг нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

10. Студент емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді мына сілтемелер арқылы қарай алады.

Маңызды – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізілед, ол туралы алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болуы керек.

11. Аттестациялық ведомостқа қорытында баға тест аяқталғаннан кейін автоматты түрде түседі:

Балл қою уақыты - 48 сағатқа дейін. Онлайн прокторинг режимі бойынша тексеру жүргізу барысында балл қою уақыты ұзартылуы мүмкін.

12. Тесттің түрі - көптік таңдау 1,2,3 дұрыс жауаппен.

13. Univer АЖ тест сұрақтарының саны – 40 сұрақтан келеді. 1 мүмкіндік беріледі. Тесттің өту уақыты- 90 минут.

14. Univer АЖ тест сұрақтары- автоматты түрде генерацияланады.

15. Univer АЖ тест сұрақтарын дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексереді.

16. Студент емтиханға кіруге 30 минут бұрын дайындалуы керек. Ол прокторингтің талабы.

17. Тест қорытындысы прокторинг нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

18. Студент емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді мына сілтемелер арқылы қарай алады.

Бағалау саясаты:

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы, СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/...) бағалау. Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

$$\frac{PK1+PK2}{2} \cdot 0,6 + ИК \cdot 0,4. \text{ Мұнда } AB(PK) - \text{аралық бақылау; } KB(ИК) - \text{қорытынды}$$

бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент	Баллдар(%-бен)	Дәстүрлі бағалау
A	4	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	94-90	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

